

Kazakh transcript:

Әйелдер мен еркектердің ортасындағы айырмашылық – бұл өте үлкен сұрақ. Біздің Қазақстанымыз басқа мұсылмандық жерлерге қарағанда кішкене бөлек тұрады деп ойлаймын. Бір жағынан бұл бұрынғы заманнан қалыптасқан дәстүрімізге байланысты. Бұрынғы замандардан бастап әйел адамдар ешқашан беттерін жаппады. Чадра деген нәрсені ешқашан тақпаған. Үлкен әйелдер шыт байлап жүрген. Бірақ беттері ешқашанда жыбылған жоқ. Ондай нәрселерді біздің ата-бабамыздар қолданбаған. Және неше түрлі ұлттық ойындарда, ұлттық мерекелерде әйел адамдар ер адамдармен қатар қатынасқан. Бізде үлкен тойларда “қыз қуу” деген ұлттық ойын бар. Онда қыз атқа отырып шабады, ал оның артынан жігіт атпен қуады. Сонда қыздың мақсаты жігітті жеткізбеуге ал жігіттің мақсаты жаңағы қызды жетіп бетінен сүйіп алу. Сонда қыз оны өзіне жолатпай қамшымен қуып отырады, ал жігіт оған жету керек. Және басқа ұлттық ойындарда қыздар аттын үстіне мініп еркектермен бірдей қатысатын. Бұл бәрі нені көрсетеді? Әйел адамдарды еркек адамдардан артық көрмейтін. Қазақтардың жанұясында қыз балаға ешқашан қатты сөз айтуға болмайды. «Неге?», десеніз, «Қыз бала – ол қонақ», деп айтады. Ол өз жасы келгенде жанұядан кетіп басқа жанұя құрады. Сол үшін қыз бала – қонақ. Қазақтың жанұясында оған ешқашан да қатты сөз айтып ренжітуге болмайды. Ал кәзіргі уақытта біз қарасақ айырмашылығы өте, өте аз деп ойлаймын. «Неге?», десеніз, әйелдердің қоғамдағы рөлдері өсті. Әйелдер еркектермен бірдей жұмыс істеп, табыс тауып, бала-шағаларына қарайды. Мен ойлаймын қазырғы уақытта әйелдер еркектерден көп жұмыс істейді. Оларда көп жұмыстары бар. «Неге?», десеніз, «бірінші смена» деп айтамыз – ол жұмысы, жұмыстан келгеннен кейін үйдегі жұмыстары басталады: балашағаға қарау, тағамды пісіру, бала мен сабақ қарау, үй ішін жинап жуу. Бұл көбінесе қазырғы уақытта әйелдердің міндеттеріне кіреді. Бірақ әйелдер өздерінің балаларын, жолдастарын көмектесуге шақырады. Бірақ кереу жерлерде әйелдер көбінесе осы жұмысты өзіне алады да, өздері осының бәрің атқарады. Әрбір жанұя әртүрлі әрине. Сол үшін мен айталмаймын барлық жанұяларда еркектер мен әйелдер бірдей деп, не болмаса, еркектер басқарып тұр деп, не болмаса, әйелдер басқарып тұр деп. Бірақ жалпы ретінде, мен ойлаймын, әйелдер көбінесе балашағаға жауапты, «қазан жағына», дейміз, қазан жағына жауапты, ал еркектер табыс жағына жауапты. Әсіресе бұл ауыл жерлерде. Бірақ соныменен кереу жанұяларда еркектерде жұмысы жоқ, ал әйелдер жұмыстарын істейді. Сол үшін әрбір жерде бұл әртүрлі. Бірақ әйелдердің социал рөлдері өсіп келе жатыр. Және бізде мемлекеттің ішінде де әйел адамдар жұмыс істейді. Мысалы, білім министірлігінде басқаратын жұмыстарында істейді. Тағыда жақсы бір нәрсе – ол біздің қоғам әйелдер білім алып бірінші рөлдерге шыққанға қарсы емес. Мемлекет те, басқа адмадар да бұған көмектеседі. «Неге?», десеніз, қазір бізде көп балалар «Болашақ» программасы бойынша шетелде оқып жатыр. Соның ішінде осы АҚШ-та да оқып жатыр. Сол балалардың ішінде қыз балалар да көп. Олардың бәрі оқуларын бітіріп,

мамандықтарын алып келгеннен кейін Қазақстанда басшы жұмыстарда тұрады деп ойлаймын.

English translation:

Gender difference is a very important question. I think that Kazakhstan in this question stands apart from other Muslim countries. On one hand, it is because of our ancient traditions and culture. Since early time women have never hidden their faces. They were never wearing a chador. Elderly women were wearing headscarves. But their faces were never hidden. Our ancestors never followed such restrictions. And women enjoyed the same rights as men participating in traditional games on national holidays. We have a national game “Catch up with a Girl” traditionally played on holidays. According to the rules of the game a girl rides a horse and a fellow follows her also riding a horse. So, the girl’s purpose is not to let the guy approach her and the fellow’s purpose is to catch up with the girl and kiss her. So the girl doesn’t let him come closer and make him ride away, lashing him as he approaches. Girls could also ride a horse in other games participating in activities equally with men. What does it all show? We never considered women unequal to men. In Kazakh families it is forbidden to say harsh words to a girl. We say: “A girl is a guest”. When the time comes, the girl will leave her parents’ house and create her own family. That is why a girl is a guest. In Kazakh families it is forbidden to offend a girl. I think there is not much difference between men and women nowadays. Women’s role in the society has increased. Women work equally with men. Women earn money and bring up children. I think women work more than men nowadays. They have a lot of work. “The first charge”, as we call it, is her job and the second charge starts at home after the main work and this is looking after children, cooking meals, helping children to do their homework, cleaning up the house. Nowadays, these things are mainly on women. Women may ask her children and husband to help her. But in some places women take this duty fully on themselves. Of course, the situation in different families is different. That is why I can’t say that in all families men and women are equal, or men are heads (of the household), or women are heads (of the household). I think usually women are responsible for children. They are responsible for “the large cooking pot”, as we call it, and men are responsible for earning money. This situation is mostly typical in the countryside. In some places men don’t have work, but women do. That is why the situation is different in different places. But women’s social role is increasing. And in Kazakhstan women work for government too. For example, they can have high positions in the Ministry of Education. The good thing is that our society does not stand up against women being educated or women holding high posts. Nowadays, a lot of our children study abroad by *Bolashak*¹ program. Some of them study in the USA. Among them there are also a lot of girls. I think that after they get their education, they will become good professionals, come back to Kazakhstan and hold high posts.

¹ *Bolashak* is a special government program for students which fully cover fees for studying at a foreign university including student’s living expenses and roundtrip air tickets. After graduating from the university a student is to return to Kazakhstan and work for the country. *Bolashak* translates as “future.”

About CultureTalk: CultureTalk is produced by the Five College Center for the Study of World Languages and housed on the LangMedia Website. The project provides students of language and culture with samples of people talking about their lives in the languages they use everyday. The participants in CultureTalk interviews and discussions are of many different ages and walks of life. They are free to express themselves as they wish. The ideas and opinions presented here are those of the participants. Inclusion in CultureTalk does not represent endorsement of these ideas or opinions by the Five College Center for the Study of World Languages, Five Colleges, Incorporated, or any of its member institutions: Amherst College, Hampshire College, Mount Holyoke College, Smith College and the University of Massachusetts at Amherst.

© 2003-2009 Five College Center for the Study of World Languages and Five Colleges, Incorporated